

XFTAP 15.31.35

Ш.Б. Қадирсызова

*Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей, Қазақстан
(E-mail: shnar_83kz@mail.ru)*

Ұтқырлық – тұлғаның әлеуметтік нысанының құндылығы

Аннотация. Білім беру жүйесі - кез келген мемлекеттің ұлт мәдениетінің жүйелік бөлігі болып танылады. Қазақстандағы жоғары оқу орындары - бұл тікелей елдің зияткерлік әлеуеті өндіретін жүйенің құрамдас бөлігі. Осы орайда, бұл білім саласының еуропалық деңгейге қосылу үдерісі – жаһандық кеңістікке ену арқылы ұлттық мақсаттардың басымдықтарын өтеу болып табылады.

Сондықтан, біріншіден, аталмыш білім деңгейінде болып жатқан жаңашыл өзгерістер тек қоғамның болашағын анықтап қана қоймай, білім субъектілерінің де талабына жауап берсе, екінші жағынан, Еуропалық жоғары білім беру қағидаларын ұстанудағы қол жеткізген табыстарымызды әлі де болса жетілдіру қажет тұстарын атап көрсетеді.

Түйін сөздер: академиялық ұтқырлық, «әлеуметтік кеңістік», «әлеуметтік стратификация», кәсіби ұтқырлық, тұлғаның өзгеруі, көлденең және тік өлшемдер, кәсіби белсенділік, әлеуметтік белсенділік, сыртқы көші-қон, өзіндік позиция, ішкі жағдайының ауыспалылығы.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6895-2020-131-2-34-41>

Түсті: 12.12.19 / **Қайта түзетілді:** 31.03.20 / **Жарияланымға рұқсат етілді:** 2.04.20

2009-2011 жылдарға арналған «Еуропаға жол» мемлекеттік бағдарламасында: «Бағдарламаны қабылдау қажеттілігі елдің ішкі дамуының өзекті мәселелерін шешу, еуропалық бағыттағы ұлттық басымдықтарды қалыптастыру, тарихи қалыптасқан байланыстарды нығайту, еуропалық интеграция мен институционалдық және құқықтық реформалар тәжірибелерімен танысу, технологиялық, энергетикалық, көлік, сауда, гуманитарлық және инвестициялық ынтымақтастықты тереңдетудің маңыздылығымен байланысты» екенін көрсетті [1].

Сондықтан отандық кәсіби жоғары білім саласындағы еуропалық бағыттың көрінісі ретінде болашақ мамандардың белсенділігін арттырып, ұшқыр ойлау жаһандану саясатына ену жұмыстары басым болуда. Аталған шаралар кез келген білім алушының жедел қимылдауын, ұтқыр болуын талап етеді. Әлемдік кеңістікке енумен қатар, ішкі бәсекелестік, технологияның жедел дамуына орай болашақ мамандарды ЖОО-да академиялық ұтқырлыққа бейімдеу қажет. Академиялық ұтқырлық шетелде оқуға немесе жұмыс істеу мүмкіндігімен ғана шектелмейді. Бүгінгі күні білім кеңістігінің ауқымының саяси кеңдігіне қарамастан, шетелдердің білім беру құжаттарын мойындау әлі де болса толық қанды маман иесі ретінде танытып, кәсіби қызметке қол жеткізе алмауда.

Бір жағынан, жоғары білім алуға және оның деңгейін жетілдіруде жеке тұлғаның сұранысын өтейтін білім беру нарығының өзін-өзі тану және соның негізінде өзектілігін жойған жоқ. Сонымен қатар, еңбек нарығының дәстүрлі қажеттілігін мамандарға деген сұранысын қанағаттандырмай отыр. Бұның себебін талдай келе - еңбек ресурстарын тиімсіз пайдалану деп атап көрсеткен. Осының салдарынан сыртқы көші-қонның әлеуетін арттыру және басқа да әлеуметтік күйзеліске әкеледі деп санайды.

Жоғарыдағы жасалған қорытындыларды тұжырымдай келе, жоғары оқу орындарындағы беру жүйесінің әртүрлі мұқтаждықтарға мен сұраныстарға - әлеуметтік және білім алушы субъектілердің мүдделеріне сәйкес келуі тиіс екендігі айқындалады.

Мақаланың әдіснамалық негізін төмендегі отандық, алыс және жақын шетелдік ғалымдардың зерттеулерін ұстануға болады. Атап айтар болсақ, В.В. Игнатова, Н.А.

Красноперова, Н.М. Филиппова, Г.А. Шабановтардың педагогикалық жағдайлар мен құралдардың жиынтығы ретінде педагогикалық қамтамасыз ету туралы ережелерін; Ф. Альтбах, Д. Аткинсон, М. Байрэм, Р. Блюменталь, В.В. Зайцевтердің студенттердің академиялық ұтқырлығын жүзеге асырудағы педагогикалық технологиялардың психологиялық-педагогикалық тұжырымдамаларын; гуманистік, субъектілік педагогика ғылымының теориялық және әдіснамалық заңдылықтары мен ұстанымдарын, синергетика және акмеологиялық тұғырларды, ғылыми жеке тұлғаға бағыттылық пен іс-әрекет теорияларына, білім берудегі андрогогикалық тұжырымдамаларына жүгінуге болады.

Біз өз зерттеуімізде философиялық, психологиялық, педагогикалық ғылымдарының зерттеу әдістерін қолдандық. Зерттеліп отырған академиялық ұтқырлық мәселесі қарастырылған әдебиеттерді теориялық талдық. Атап айтар болсақ, педагогикалық бақылау және диагностикалық әдістерін қолдандық. Респонденттермен сауалнама жүргізіп, тәжірибе мен қызмет өнімдерін сараптадық, рефлексивті контент-талдау әдістерін, сонымен қатар өзара бағалау әдістері пайдаланылды.

Академиялық ұтқырлық тұлғаның сапалық қасиеттері. Ұтқырлық ұғымы белгілі бір зерттеулердің объектісі ретінде XX ғасырдың екінші жартысында пайда болды. Бұл ұғымға латынша жылдам және ілгері қозғалуға қабілетті деген түсініктеме берілді.

Ал XX ғасырдың 20-жылдарында «әлеуметтік кеңістік» және «әлеуметтік стратификация» сияқты сөз тіркестерін үйлестіре қолдана отырып, ғылыми тұжырымдама жасалды. Онда жеке тұлғаның дамуы әлеуметтік қоғамның динамикалық жағдайымен қарастырылып сипатталды.

Бұл ұғымның дамуындағы кезеңдерге көз жүгіртсек, онда біз мынадай тұжырым жасай аламыз. Оның дамуындағы байланыс тізбектері:

- халықтың, әлеуметтік топтардың санының артуы;
- жеке тұлғалар арасындағы қарым-қатынас шеңберінің кеңейуі;
- ондағы қозғалысының қалыптасуы.

Ғалым П.А. Сорокин әлеуметтік ұтқырлық ұғымын әлеуметтік қоғамдағы өзгерістерді белгілеу үшін қолдану керектігін алға тартады. Ғалым оны тұлғаның, әлеуметтік нысанның құндылығы дей отырып, сол арқылы адамның және топтардың қызметінің өзгеруі деген тұжырым жасайды [2].

Ұтқырлықтың адамның сапасы ретінде танылуы тек іс-әрекетпен айналысқанда ғана оның, белсенділігі, ұтқырлық дәрежесі мен деңгейі көрінеді деп тұжырымдай келе кәсіби ұтқырлықтың үш өзіндік бөлігі анықтаған:

1) жалпы кәсіби құзыреттіліктердің қалыптасуы арқылы адам дамуының ішкі тетігін қамтамасыз ететін жеке негізгі сапасы;

2) қоршаған ортаны өзгертуге бағытталған адамның әрекетінің нәтижесі, маман және жеке адам ретінде өзін-өзі ұйымдастыруы;

3) адамның жеке өмірін және кәсіби- әлеуметтік ортасын өзгертуі.

Осыған орай Л.В. Горюнова кәсіби ұтқырлықтың негізгі бөліктерін жіктеді:

- негізгі немесе жалпы кәсіби құзыреттілік;
- тұлғаның өзгерістерге дайындығы;
- жұмыс орынындағы және әлеуметтік белсенділігі.

Егер субъективті тұрғыда кәсіби ұтқырлық мәселесін алсақ, онда адам өміріндегі, әсіресе, кәсіби салада, ұтқырлық мінез-құлықтың мүмкіндігін қамтамасыз ететін жағдайлар мен ішкі факторларды ескеру қажет. Еркін кәсіптік қозғалыстар арқылы мамандықтарды өзгерту, оның мансабын жоғарылатуға мүмкіндік жасау керек. Алайда қажетті қолайлы жағдайлар болғанымен, көптеген адамдар бұл мүмкіндіктерді пайдалану арқылы ішкі өзгерістерге талпынбайды. Мүмкіндіктерді пайдалануға дайын болмау мәселесі ғылымда жеткілікті түрде зерттелмеген. Бұл мәселенің құрылымын анықтайтын құралдар толығымен жасақталмаған.

Көптеген зерттеушілер белгілі бір тұлғаның қалыптасуы - кәсіптік ұтқырлықтың шарты ретінде тек кәсіби қасиеттерді алады. Бірақ бұл мәселе жүйелі түрде әлі де болса зерттелмеген, оны ғалымдар жеке адамның қасиеттерінен бөлек қарастырған.

Мемлекет тарапынан азаматтардың білім алу құқығын қамтамасыз ету, білім саясатының қалыптастыру, оның ішінде, кепілдіктер мен қамтамасыз ететін ұйымдарды, мекемелерді және басқа да құрылымдардың нақты өкілеттік жолдарын анықтау және қажетті ресурстарды нығайту маңызды механизмдері болып табылады. Белгілі бір аумақтағы білім беру тапсырысы білім беру саясатының нақты субъектілерінің - халықтың өңірлік қауымдастығын, жұмыс берушілердің аумақтық мекемелерін, мемлекеттік ұйымдарының мүдделерін жүзеге асыруды қамтамасыз етеді.

Жеке қажеттіліктер адамды өз өміріндегі осындай өзгерістерге жетелейтін негізгі ішкі детерминант болып табылады. А. Маслоу ұйғарымы бойынша, кез келген деңгейдегі «төменгі», «жоғары» физиологиялық өзін-өзі көрсетуге қажеттері ретінде көрініс беруі мүмкін. Осылайша, әр жеке адам өзінің кәсіби біліктілік деңгейін жоғарылату немесе төмендету арқылы мамандығын, жұмыс орнын, отбасын өмір сүру қажетіне қарай өзгерте алады. Сонымен қатар, оларды әлеуметтік ортаның көлденең және тік өлшемдеріне орай, әлеуметтік ұтқырлықты да тік және көлденең деп жіктейді. Егер тік деп әлеуметтік статусы бойынша өзгеру қозғалысын айтса, ал көлденең деп бір кеңістіктегі өзгеріссіз деңгейге байланысты қозғалысты қарастырған.

Осылайша, тік қозғалысты жоғары және төмен әлеуметтік орын алмастыру деп ала отырып, әлеуметтік ұтқырлық төмендеу немесе көтерілу сызығында екен білдіреді. Сондықтан әлеуметтік ұтқырлық - әлеуметтік көтерілу немесе құлдыраумен үйлестіре қарастырылады. Егер қоғамдағы қозғалыстардан кедергі болмаса, онда әлеуметтік ұтқырлық жылдам өсіп де жоғары дәрежеге жетуі немесе құлдырауы мүмкін.

Ғылымда әлеуметтік ұтқырлық ұғымының бірнеше мағынасы бар:

- орта факторына орай жағдайларға орай өз қызметін тез және лайықты түрлендіруі;
- өмір сүрудің түрлі бағытында жаңа болмыстарды оңай және тез игеру;
- күтпеген мәселелерді шешудің және сұраныстарға сай емес міндеттерді орындаудың

лайықты тәсілдерін табу қабілеттілігі [3].

Бұл түсіндірмеде әлеуметтік ұтқырлықтың ортаның жағдайы мен дәрежесінің тікелей байланысын емес, адамның үйлесімді жұмыс істеу тәсілін сипаттайды. Әлеуметтік ұтқырлықты педагогика ғылымында қоғамның әлеуметтік құрылымының жалпы гуманизациялану мен жариялылық үрдісінің тікелей салдары деп көрсетеді.

Біз қарастырып отырған зерттеу феноменіміз топтардың құрамдас бөліктерінің арасындағы қозғалыс, яғни кәсіби дәрежелік сипаттар ретінде жиі көрінеді.

Олар бес қызметтік топқа бөлінген. Мысалы, іскерлік қабат іскерлікпен сипатталса, ал әскери лауазымдағылар билік құрылымдарымен сипатталады. Басшылар мемлекеттік қызметте менеджерлік міндет атқарады. Білім қызметкерлері жоғары білікті мамандар немесе лауазымды қызметкерлерге жүктелетін міндеттерін атқаратын болса, онда колөнершілер кез келген шаруалар мен жұмысшылар міндетін атқарушы ретінде танылады.

Әлеуметтік ұтқырлық көбіне оның білім беру деңгейі мен мәртебесінің өзгеруімен байланысты болғандықтан қоғамның әлеуметтік және кәсіби құрылымында адамның қозғалысыны байланысты танылады.

Сондықтан қазіргі заманда білім беру адамның әлеуметтік баспалдақпен көтерілуіне мүмкіндік беретін әлеуметтік баспалдаққа айналады.

Ұтқырлық кез келген іс-әрекеттердің нақты мазмұны ретінде түсіндірілуіне қарамастан, адамның әлеуметтік ұтқырлығын тудырады. Ал ұтқырлық заманауи қоғамның өзгермелілігі, маңызды сапасы, оны дамуының құралы болғандықтан, ол әлеуметтік дамудың қажетті шарты болып табылады. Осыдан барып, маңызды тұжырымдамалы нұсқаулар туындайды.

Егер қоғамның дамуы, жаңа сапалы жағдай туындатса, онда ол қоғамның әлеуметтік қозғалыс дамуының маңызды факторы бола алады. Себебі қоғам субъектілері әлеуметтік өзгерістерге қалай бейімделеді. Олар қоршаған ортаға үйлесімде, бейімді, өзгертуге және өзгеруге, өмір сүру деңгейіне дайын болады. Осылайша, жеке тұлғаның әлеуметтік ұтқырлығына мақсатты түрде ықпал жасайды. Қажетті сапалық қасиеттерін қалыптастыруға және тұтастай қоғамның дамуына әкеледі.

Жеке адамның мәдениеттілігіне, ішкі жағдайының ауыспалылығына, әлеуметтік өзгерістерге байланысты әлеуметтік-мәдени ұтқырлық деген ұғым қолданылады. Атап айтар болсақ, ғалым И.В. Василенко әлеуметтік-мәдени ұтқырлық жеке тұлғаның ішкі энергетикалық әлеуметімен және оны құрылымның өзара әрекеттесуін тұрақты (рухани тұрақты өзегі, жоғары дәрежедегі құндылықтар) және ауыспалы (икемділік, өзгергіштігі, сананың икемділігі) деп анықтаған [4].

Кез келген еркіндік дәрежелеріне, сонымен қатар, белгілі бір әдістерге сүйене отырып, әлеуметтік-мәдени ұтқырлық күрделі жеке білім ретінде қарастырады. Олар бір-бірін толықтырып отыратын тәжірибелік, идеологиялық ой-пікірлерді, құнды бағыттарды қамтиды. Осылайша, әлеуметтік-мәдени ұтқырлық осы бағыттарды өзгертетін жолдарды, құндылық бағдарларды аңғартады. Әлеуметтік субъектілік жағдаяттардың өзгеруіне бейімделуін білдіретін әлеуметтік-мәдени өзгерістерді, икемділіктердің көрсеткіш дәрежесін, сонымен қатар, әлеуметтік жүйелердің қозғалуының негізгі шарты деп алады.

Жұмыссыздықтың, әсіресе, құрылымдық және өңірлік мәселелерін, шешудің қажеттілігіне байланысты, адамның еңбек ұтқырлығы қауіпті әлеуметтік құбылыстарды еңсерудің маңызды шешім жолдары ретінде қарастырылады. Еңбекке деген ұтқырлық дайындығы оның жұмыс орнын, кәсіби лауазымын және өмір салтынның өзгеру қабілеттілігін білдіреді [5].

Осы сынды ұтқырлық деңгейін бағалауда екі түрлі тәсіл пайдаланылады:

1) нақты іске асырылған еңбек ұтқырлығының деңгейі - көші-қон қозғалыстарының қарқындылығы мен көлемі, айналымы, қызметкерлер қозғалысы туралы деректерді пайдалану арқылы өлшенеді;

2) халықтың әлеуметтік сауалнамаларының нәтижесі өзгерістерге деген дайындықты анықтайды. Еңбек нарығын реттеуде ұтқырлықтың әлеуетін талдауда басымдылық беріледі.

Әлеуметтік – экономикалық сала бойынша зерттеулерде кәсіптік дәрежелік ұтқырлыққа аса назар аударылады. Онда заманауи демократиялық бағдарланған қоғамның әлеуметтік стратификациясының елеулі өзгерістері ескеріледі. Қоғамдағы теңсіздік әртүрлі кәсіби дәрежеге, сонымен қатар, әлеуметтік айырмашылықтың объективті себептерімен тығыз байланыста көрініс береді.

Ғалымдар К. Дэвис пен У. Мура әлеуметтік тұжырымдамаға негіздей отырып, мамандықтардың қоғамдағы теңсіздігі «маманның функционалдық маңыздылығына» орай туындайды дегенді алға тартады. Авторалар әрбір мамандыққа деген қоғамның сұраныстарын қанағаттандыру мазмұнымен қарастырады.

Игеріліп отырған мамандықтар неғұрлым күрделі және жауапты болған сайын, жеке тұлғаның құзыреттілігін, бәсекеге қабілеттілігін, біліктіліктілігін арттыруды талап етеді. Сонымен қатар, кәсіби ынталандырудың жоғары болуы, қосымша қаржылық, билік, бедел артықшылықтарына байланысты. Кәсіптердің маңыздылығы олардың «функционалдық императивтілігі», яғни нақты тарихи жағдайлары арқылы көрініс береді.

«Кәсіби ұтқырлық» ұғымының мазмұны соңғы жылдарда қоғамның саяси – экономикалық, әлеуметтік және идеологиялық сипатты түбегейлі өзгерістерге байланысты құндылығы артты [6].

XX ғасырдың соңында кәсіби ұтқырлықты өзгерістерді техникалық құралдарды, жаңа мамандықтарды тез меңгеруге қабілеттілік пен дайындықты, білімін және дағдыларын үнемі жетілдіру қажеттілігін өтейтін үрдіс деп қарастырылды. Яғни, ондағы басты идеясы «адам

үшін мамандық» емес, «мамандық адам үшін» жалпы ойға толық жауап бермейтіндігін атап көрсеткен. Ұтқырлық кәсіптің өзгеруін болжай алмайды, сонымен қатар, кәсіби қызметтің мәртебесін өзектендірмейді. Керісінше, қоғамдық санада ақысыз білім алып, мамандықты игерген адам мемлекет пен қоғам алдында қызмет етуге міндетті деп есептейді. Сонымен қатар, егер адам өзінің еңбек өмірін бір мамандыққа арнаған адам, қоғамда жоғары бағаға ие болуға керек.

Өндіріс құралдарды, технологияларды жедел меңгеруге дайын адам ғана қажеттіліктерді қанағаттандырып, ілгері ұмтылыстарға негізделген кәсіби ұтқырлықты тудыра алады. Өзіндік жеке басының және кәсіби сапалық қасиеттерін, мүмкіндіктерін, білімін және іскерліктерін қоғамның мүддесіне орай бейімдеп, жетілдіріп отырады.

Әр адам өзіндік жағдайға және қабілеттерге белгілі бір қозғалыстар, оның кәсіби жағдайындағы өзгерістер жасау арқылы ғана иеленеді. Осындай қозғалыстар мен жағдайлар кәсіби ұтқырлығының маңызды итермелеуші күшіне айналып, нақты күш-жігердің туындатады. Жалпылай келе, адамның кәсіби ұтқырлығы негізінен оның жеке тұжырымдық көзқарастары, мәдени құндылықтары мен ой-пікірлері арқылы айқындалады. Ол адамның өмір бойы кәсіби дамуына мен жетілуіне түрткі болып қана қоймай, оның кәсіби деңгейін өзгертуге, жаңа кәсіптік салаларды дамытуға және жетілдіруге мүмкіндік жасайды.

Адамның маңызды қоғамдық ойлары мен макро және микро әлеуметтік кеңістігі, көптеген факторлары мен жеке-дара диспозициялық келісімдері қалыптасады. Әлеуметтік сыртқы және ішкі жеке кәсіби ұтқырлық әлем құбылысын дамытуда итермелеуші күш ретінде қарастырылады. Олар ішкі субъективті құрылымдық бөлшектерінің бір-біріне тәуелділігімен сипатталады. Адамның кәсіби жағдайын және дәрежесін өзгерту қабілеті мен дайындығын қамтамасыз етеді. Сондықтан оларға жеке тұлғалық интегралдық динамикалық сапа жүйесінің құрамдас бөлігі деген ретінде қарастырамыз. Жеке тұлғаның құрылымында осы сынды сапаның болуы, адамды кәсіби деңгейін сипаттауға мүмкіндік береді. Ал оның құрылымының даму дәрежесі адамның жоғары немесе төмен кәсіби ұтқырлық деңгейін көрсетеді.

Кәсіби ұтқырлық жеке бастың сапалық қасиеттері ретінде белгіленеді. Оның құрамдас бөліктеріне:

- идеялық құндылық бағдарлар, жеке қасиеттер мен білімдер, жеке тұлғаға кәсіптік саладағы жағдайы мен дәрежесі, қозғалысын өзгертуге қабілеті мен дайындығын білдіретін жеке сұраныстарды жатқызуға болады. Осылар әртүрлі әлеуметтік қызмет түрлерінде жүзеге асырылады, тұлғаның сапасын құндылықтарын айқындайды. Осылайша, кәсіби ұтқырлық адамның белсенділігі, динамикалық сипаттамасы ретінде пайда болады деген тұжырым жасауға болады.

Қоғамның экономикалық, нарықтық қатынастары мен өзгерістері, оның әлеуметтік-кәсіптік құрылымының динамикалық жедел өзгерістеріне әсер етеді. Осылайша, ол қоғамдағы кәсіби іс-әрекет мазмұнының, жұмыс берушілердің талабын жоғарлата отырып, маманың кәсіби деңгейінің өсуінің өзектілігін арттырады, қоғамдық құндылықтар мен мансаптық өсу, мамандықтардың беделіне әсер етеді. Осындай талаптар мен өзгерістер көптеген адамдарды өздерінің жұмыс орнын мен мамандығын өзгертуен әкеледі. Алайда, кей жағдайларда егер, адам өзінің кәсіби және әлеуметтік мәртебесін арттыру жол ашуы мүмкін. Кейбір адамдарда керісінше болып, әлеуметтік мәртебесі, дәрежесі төмен мамандықты меңгеруге мәжбүрлеуі де мүмкін.

О.Ю. Посухованың пайымдауынша, осы ұғымдағы бағалау аспектісін таңдай отырып, кәсіби ұтқырлықты кәсіби иерархиялық кеңістікте жеке адам мен оның ортасы ретінде үнемі бағалайтын функционалдық мәртебелік қозғалысы деп танылады [7].

Қазіргі замандағы кірістердің айырмашылығынан және бастапқы мүмкіндіктерден пайда болатын әлеуметтік теңсіздіктер, қажеттіліктерді қанағаттандырудың әртүрлі деңгейлерінде, сондай-ақ, прагматикалық ойлауды, әлеуметтік тұрғыдан лайықты және

болашаққа деген көзқарастың позитивтілікке ұмтылысына, адамның кәсіптік мансабын құруына итермелеуші күші болып табылады.

Беделді ұйымның табысы бүгінгі күні тұрақтылық, болашаққа деген сенімділік және қызметкердің және оның ұрпақтарының перспективалық жағдаймен байланысты. Сонымен қатар, Н.В. Сидорованың айтуынша, мамандық беделге, табыс пен билікке ғана емес, сонымен қатар, адамның мінез-құлқына, құндылықтарына, өмірлік бағдарларына, әлеуметтік салаға қатысты кәсіби немесе топтың қолында болуы мүмкін [8].

Басқа көзқарасқа сай, кәсіби ұтқырлық өз мамандығы немесе күш қолдану аясындағы өзгерістерді өзгерту қабілеттілігінен тұратын әлеуметтік ұтқырлық түрлерінің бірі болып саналады. Осындай кең көлемде кәсіби ұтқырлық адамның мәртебесі туралы ережелеріне тәуелді емес.

Заманауи әлеуметтанудағы ең үлкен жетістіктерге жеткен кәсіби орын ауыстырулар сыртқы ықпалмен айқындалады. Кәсіби ұтқырлық әлеуметтік топта немесе жеке адамда белгілі бір сипаттамаларға ие жағдайлар мен факторлардың әсерінен уақыт пен кеңістікте пайда болады. Ол әлеуметтік объективті түрде қалыптасқан өзгермелі сапалық қасиеттер ретінде қарастырылады. Осылайша, кәсіби ұтқырлық қоғамның қажеттіліктеріне байланысты кәсіби дамудың шарты мен салдары деп алуға болады. Жаңа мақсаттарды, өлшемдерді, бейнелерді, ұғымдарды, іс-әрекет идеяларын, әртүрлі қызмет түрлерін және мәселелерін шешудегі жаңа тәсілдері мен бағалаудың жаңа қажеттіліктерді тұлғаның сапалы өзгеруіне, өсуіне негізделген бейімделу және дайындық қабілеті деп танимыз. Осы тізбек қатарына ғалымдар оқу үдерісінде қалыптасатын білім беру қызметінің субъектілері академиялық ұтқырлық ретінде, тұлғаның интегративтік сапалары мен қоса сөйлеу және басқа да қызмет түрлерін орындаудың жаңа құралында жатқызады [9].

Білім беру үдерісінің субъектісі ретінде академиялық ұтқыр білім алушының негізгі сипаттамалары атайтын болсақ, олардың қатарына:

- ынтаның қозғалғыштығы мен мақсаттардың икемділігі;
- өздігінен білім алу қабілеті;
- өзін-өзі жетілдіру қажеттілігі;
- өзгерістерге, қарым-қатынасқа дайын болуы;
- ынтымақтастығы;
- әлеуметтік ортада өзара іс-қимыл жасау;
- жаңа білім мен технологияларды меңгеруі;
- ойлау икемділігі;
- рефлексивті бағалауға қабілеттілігі.

Академиялық ұтқырлықтың мақсатты, жүйелі басқарылатын интегративті жеке сапа ретінде қалыптасуына бағытталған білім алушылардың академиялық ұтқырлығының бөліктерін кезең-кезеңмен, кешенді дамытатан үдеріс.

Жеке адамның ұтқырлығының функционалдық мәні - бұл білім беру жүйесінің, қоғамның және тұлғаның әртүрлі саладағы ұтқырлықтарының құрамдас бөлігі. Қоғам мен жеке тұлғаның дамуы, жаңа технологияларды игеріп қолдану, оның алдыға қарай жылжуы, мамандардың құзыреттілігі мен бәсекеге қабілеттілігі, қызметтегі жылжымалылығы мен өсуі академиялық ұтқырлықсыз мүмкін емес.

Осылайша, біз тілге тиек етіп отырған академиялық ұтқырлық мәселесі жалпы білім жүйесімен қатар, жоғары кәсіби білім беру мақсаттарының бірі ғана емес, сонымен қатар, қарқынды дамып келе жатқан қоғамның тұлғалық сипатын қалыптастыруға сұранысы.

Академиялық ұтқырлық мәселесі жеке тұлғаның сапалық қасиеттерінің жиынтығы ретінде жеткіліксіз зерттелген. Оның бүгінгі ғылыми айналымға енуі еліміздегі реформаларға байланысты болғандықтан, академиялық ұтқырлық мәселесі де даму үдерістерінен өтеді.

Сондықтан зерттеліп отырған академиялық ұтқырлық жеке тұлғаның және кәсіби құндылық сапаларын интегративті қалыптастыру қажеттілігі осы ұғымның мәні мен құрылымын егжей-тегжейлі қарап одан әрі қара зерттеуді қажет етеді.

Әдебиеттер тізімі

1. 2009-2011 жылдарға арналған «Еуропаға жол» мемлекеттік бағдарламасы туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 29 тамыздағы № 653 Жарлығы. - URL: http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U080000653_ (қаралған күні: 5.12.19).
2. Сорокин П. Человек. Цивилизация. Общество. - М.: Издательство политической литературы, 1992. - С. 373
3. Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарында студенттердің академиялық ұтқырлығы туралы тұжырымдамасы (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2011 жылғы 19 қаңтардағы кеңейтілген кеңесі шеңберінде ректорлар кеңесінде талқыланған және бекітілген). - Астана, 2011.
4. Василенко И.В. Социокультурная мобильность как философская проблема: автореф. дис. ... канд. философ. наук. - Волгоград, 1996. - 48 с.
5. Занятость, безработица, служба занятости: толковый словарь терминов и понятий. - М.: «Нива России», 1996. - 288 с.
6. Педагогический словарь. — М.: АПН, 1980. - Т. 1. - 774 с.
7. Посухова О.Ю. Неинституционализованные каналы профессиональной мобильности в современной России : дис. ... канд. социол. наук. - Ростов н/Д, 2003. - 159 с.
8. Сидорова Н.В. Роль инновационного развития высшей школы в профессиональной мобильности молодежи: автореф. дис. ... канд. пед. наук. - Иркутск, 2006. - 24 с.
9. Борзова Е. В. Иноязычное личностно-ориентированное образование в старших классах средней школы: монография / Е. В. Борзова; Федеральное агентство по образованию, ГОУВПО «КГПУ». - Петрозаводск: Изд-во КГПУ, 2009. - 172 с.

Ш.Б.Кадирсызова

Казахский гуманитарно-юридический инновационный университет, Семей, Казахстан

Мобильность - социальная ценность личности

Аннотация. В данной статье представлены результаты теоретического анализа исследований по проблеме способностей к академической мобильности будущих педагогов, выделены основные понятия, позволяющие раскрыть сущность академических способностей.

Автор в статье целенаправленную подготовку человека к жизни рассматривает как глобальную социально-значимую задачу общества. В современном, интенсивно развивающемся мире развитие мобильности необходимо рассматривать как особое личностное качество. Решение этой важнейшей задачи ложится на образование, в том числе на профессиональное высшее, которое в настоящее время приобретает открытый и инновационный характер.

Ключевые слова: академическая мобильность, социальное пространство, социальная стратификация, профессиональная компетентность, готовность к изменению личности, профессиональная активность, социальная активность, «низкие» потребности, самовыражение, сменяемость внутреннего состояния.

Sh. B. Kadyrsizova

Kazakh Humanitarian and Law Innovation University, Semey, Kazakhstan

Mobility-the social value of the individual

Abstract. This article presents the results of theoretical analysis of research on the problem of academic mobility abilities of future teachers, highlights the basic concepts that allow to reveal the essence of academic abilities.

The author actualizes the socially important task of purposeful preparation of a person for life in today's rapidly changing world by forming mobility as a special personal quality, and the main responsibility for solving this important task falls on education, which is now becoming open and innovative.

Keywords: academic mobility, social space, social stratification, professional competence, readiness for personality change, professional activity, social activity, «low» needs», self-expression, changeability of the internal state.

References

1. 2009-2011 zhyldarga arnalgan «Europaga zhol» memlekettik bagdarlamasy turaly Kazakstan Respublikasy Prezidentinin 2008 zhylygy 29 tamyzdagy № 653 Zharlygy [A decree of the RK President dated August 29, 2008 № 653 «On the program the way to Europe for the period 2009-2011». Available at: http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U080000653_ (Accessed: 5.12.19).
2. Sorokin P. Chelovek. Civilizacija. Obshhestvo [The man. Civilization. Society] (Publishing House «Political literature», Moscow, 1992, 373 p.).
3. Kazakstan Respublikasynyn zhogary oku oryndarynda studentterdin akademijalyk utkyrlygy turaly tuzhyrymdamasy (Kazakstan Respublikasy Bilim zhane gylm ministriginin 2011 zhylygy 19 kantardagy kenejtilgen kenesi shenberinde rektorlar kenesinde talkyangan zhane bekitilgen) [The concept of students' academic mobility in higher educational institutions of the Republic of Kazakhstan (discussed and approved by the council of Rectors as a part of expanded meeting of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan, January 19, 2011)] (Astana, 2011).
4. I.V. Vasilenko. Sociokul'turnaja mobil'nost' kak filosofskaja problema: avtoref. dis. ... kand. filosof. nauk [Sociocultural mobility as a philosophical problem: dissertation abstract for the degree of candidate of philosophical sciences (Volgograd, 1996, 48 p.).
5. Zanjatost', bezrabotica, sluzhba zanjatosti: tolkovyj slovar' terminov i ponjatij [Employment, unemployment, employment service: explanatory dictionary of terms and concepts] (Niva of Russia, Moscow, 1996, 288 p.).
6. Pedagogicheskij slovar' [Pedagogical dictionary]. Volume 1 (APS, 1980, 774 p.).
7. Posukhova O.Yu. Neinstitutionalizirovannye kanaly professional'noj mobil'nosti v sovremennoj Rossii : dis. ... kand. sociol. nauk [Non-institutionalized channels of professional mobility in modern Russia: dis. Candidate of sociol. sciences] (Rostov-on-Don, 2003, 159 p.).
8. Sidorova N.V. Rol' innovacionnogo razvitija vysshej shkoly vprofessional'noj mobil'nosti molodezhi: avtoref. dis. ... kand.ped. nauk [The role of innovative development of higher education in professional mobility of youth: dissertation abstract for the degree of candidate of pedagogical sciences (Irkutsk, 2006, 24 p.).
9. Borzova E. V. Inojazychnoe lichnostno-orientirovannoe obrazovanie v starshih klassah srednej shkoly [Foreign-language personality-oriented education in high school]. Monograph / E. V. Borzova; Federal Agency on Education, SEIHPE «KSPU» (KSPU Publishing House, Petrozavodsk, 2009, 172 p.).

Автор туралы мәлімет:

Кадирсизова Ш. Б. - «Педагогика және психология» мамандығының 2-ші курс докторанты, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Трусов көш., 83, Семей, Қазақстан.

Kadyrsizova Sh. B. - 2nd year doctoral student majoring in «Pedagogy and psychology», Kazakh Humanitarian and Law Innovation University, Trusov str., 83, Semey, Kazakhstan.